

## **«БЕЛСЕНДІ ЖАЗ КОТЕХ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

### **1. Акцияның мақсаты**

«БЕЛСЕНДІ ЖАЗ КОТЕХ» жарнамалық акциясы (бұдан әрі «**Акция**») белгісіз тұлғалар тобы арасында, КОТЕХ® тауар белгісіне және Kotex® active өнімдер желісіне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау мақсатында өткізіледі

### **2. Акция Тапсырыс берушісі / Ұйымдастырушысы туралы мәліметтер**

2.1. Акция Ұйымдастырушысы: 050060, Алматы қ., Төлебаев көш., № 38/61 мекенжайы бойынша орналасқан, «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС тапсырысы бойынша әрекет ететін «Орепeyes DDB» ЖШС (бұдан әрі – «**Ұйымдастырушы**»)

2.2. Акцияға Тапсырыс берушісі: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев даңғ., үй 240В мекенжайы бойынша орналасқан «Кимберли-Кларк Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі - «**Тапсырыс беруші**»)

### **3. Акцияны өткізу аумағы мен орны**

3.1. Акция Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) аумағында өткізіледі;

3.2. Акцияны өткізу орны – интернетте Kotex (@mykotex\_kz) брендінің Instagram аккаунтында бұдан әрі: **Аккаунт**

### **4. Акцияны өткізу мерзімі**

4.1. Акцияны өткізудің жалпы мерзімі: 2019 жылғы 1 маусымнан бастап 2019 жылғы 2 тамызға дейін (бұдан әрі - «**Акция Кезеңі**»).

4.2. Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі бірнеше кезеңде өткізіледі:

- 1) 2019 жылғы 1 маусымнан 13 маусымға дейін;
- 2) 2019 жылғы 17 маусымнан 20 маусымға дейін;
- 3) 2019 жылғы 24 маусымнан 27 маусымға дейін;
- 4) 2019 жылғы 1 шілдеден 4 шілдеге дейін;
- 5) 2019 жылғы 8 шілдеден 11 шілдеге дейін;
- 6) 2019 жылғы 15 шілдеден 18 шілдеге дейін;
- 7) 2019 жылғы 22 шілдеден 25 шілдеге дейін;
- 8) 2019 жылғы 29 шілдеден 1 тамызға дейін.

4.3. Акция Жеңімпаздарын анықтаудың жалпы мерзімі:

- Электр самокаттарды алуға құқық алатын (әр кезеңге 1 самокат) Жеңімпаздарды анықтау күндері және Жеңімпаздар туралы ақпаратты Instagram-дағы @mykotex\_kz аккаунтында жариялау:

- 1) 2019 жылғы 14 маусым;
- 2) 2019 жылғы 21 маусым;
- 3) 2019 жылғы 28 маусым;
- 4) 2019 жылғы 5 шілде;
- 5) 2019 жылғы 12 шілде;
- 6) 2019 жылғы 19 шілде;
- 7) 2019 жылғы 26 шілде;
- 8) 2019 жылғы 2 тамыз.

Самокаттарды беру мерзімі: жеңімпаз 9.1 тармағында көрсетілген барлық қажетті ақпаратты берген сәттен бастап бір ай.

### **5. Акцияға Қатысушылар:**

5.1. Акцияға ҚР аумағында тұрақты түрде тұратын 16 (он алты) және одан үлкен жастағы Қазақстан Республикасының әрекет етуге қабілетті азаматтары және ҚР тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматтары (бұдан әрі «**Акцияға Қатысушылар**») қатыса алады;

- 5.2. Осы Ережелердің 5.1-тармағында, 5.3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалардың Акцияға қатысу фактісі анықталған жағдайда, Акцияға Тапсырыс беруші оларға Акцияға қатысудан және (немесе) Жүлдені беруден бас тарту құқығы бар;
- 5.3. Акцияға қатысуға жіберілмейді:
- Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушының қызметкерлері;
  - Ұйымдастырушымен және Тапсырыс берушімен үлестес болып танылған тұлғалар;
  - Ұйымдастырушымен / Тапсырыс берушімен белгіленген азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастары бар және Акцияны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге байланысты үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері;
  - жоғарыда аталған тұлғалардың жақын туыстары;
  - азаматтығы жоқ тұлғалар және ҚР тұруға ықтиярхаты жоқ өзге де мемлекеттердің азаматтары.

## 6. Жүлде қоры

- 6.1. Акцияның Жүлде қоры Тапсырыс берушінің ақшалай қаражаты есебінен қалыптасады және келесі Жұлделерден тұрады:

Атауы	Сипаттамасы	Саны
Жүлде Электр самокат	Ninebot ES2 электр самокаты	8

## 7. Акцияға қатысу шарттары

- 7.1. Акцияға қатысу үшін осы Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңінде:
- 7.1.1. Instagram-дағы @mykotex\_kz akkaунтына жазылу қажет;
- 7.1.2. Конкурстық жарияланымның астында, #активноелетокotex хэштегімен @mykotex\_kz парақшасында түсініктемелерде үш құрбын белгілеу қажет;
- 7.1.3. Direct-те «Қатысамын» («Участвую») хабарламасын жіберу қажет;
- 7.1.4. МАҢЫЗДЫ: құрбылардың akkaунттары шын болу керек. Дүкендер мен атақты адамдардың akkaунттары есептелмейтін болады;
- 7.2. Ұйымдастырушы осы Ережелердің 4.2.-тармағында көрсетілген мерзімнен бұрын/кешірек Акцияға қатысуға Өтінім берген Қатысушыларды Акцияға қатысуға қабылдамауға құқылы.
- 7.3. Акцияны өткізу барысында Акцияға қатысушылар алатын жүлделерге салық төлеуді Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен өздігінен жүзеге асырады.

## 8. Электрсамокат жүлделерінің Жеңімпаздарын анықтау:

- 8.1. Ұйымдастырушы Instagram әлеуметтік желісіндегі @mykotex\_kz akkaунтына жазылғандардың және 7-бөлімде көрсетілген жиынтық әрекеттерді орындағандардың барлығын қадағалап отырады.
- 8.2. Ұйымдастырушы осы Ережеде көрсетілген Шарттарды орындаған әрбір қатысушыға бірегей нөмірлерді береді.
- 8.3. Барлық бірегей нөмірлер арасында Ұйымдастырушы өкілдерінің қатысуымен Random.org сервисі арқылы электрсамокаттарды ұтысқа салу ойыны жүргізіледі.

- 8.4. Жеңімпаздарды анықтағаннан кейін, Ұйымдастырушы өкілдері Direct-тегі жеке хабарламалар арқылы ұтыс ойынының Жеңімпаздарымен байланысатын болады. Ұйымдастырушының өкілдері Жеңімпаздар анықталған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде жеңімпаздардан қандай да бір себептермен жауап алмаған жағдайда, сондай-ақ осы Ережелерде айтылған өзге де жағдайларда, Жеңімпаз Жүлдені алу құқығынан айырылады, ал Жүлде Ережелердің осы бөлімінде көзделген тәртіппен қайта ұтысқа салынатын болады. Жаңа Жеңімпазбен байланыс болмаған жағдайда, Жүлде Ережелердің осы бөлімінде көзделген тәртіппен анықталатын келесі Жеңімпазға ауысады.
- 8.5. Жеңімпаздардың аккаунттары @mykotex\_kz аккаунтында мына күндерден кешікпей жариялануға жатады:
- 1) 2019 жылғы 14 маусым;
  - 2) 2019 жылғы 21 маусым;
  - 3) 2019 жылғы 28 маусым;
  - 4) 2019 жылғы 5 шілде;
  - 5) 2019 жылғы 12 шілде;
  - 6) 2019 жылғы 19 шілде;
  - 7) 2019 жылғы 26 шілде;
  - 8) 2019 жылғы 2 тамыз.
- 8.6. Осы Ережелердің 8.4.-тармағында көрсетілген жағдайда, Жеңімпаздардың аттары @mykotex\_kz аккаунтында жаңа Жеңімпазбен байланыс орнатылған және оған Ұтыс ойынының нәтижесі туралы хабарлаған сәттен бастап екі күннен кешікпей жариялануға жатады.

## **9. Жүлделерді алудың жалпы тәртібі – электрсамокаттар**

10.1. Осы Ережелердің 6.1-тармағында көрсетілген Жүлделерді, атап айтқанда электрсамокаттарды алу үшін Жеңімпаздар ұтыс туралы хабарланған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Ұйымдастырушыға электрондық пошта арқылы келесі ақпаратты ұсынуы қажет:

- Жеңімпаздың Тегі, Аты, Әкесінің Аты;
  - ЖСН міндетті түрде көрсетілген Жеңімпаздың жеке куәлігінің екі жақтан түсірілген көшірмесі;
  - Жеңімпаздың электрондық мекенжайы;
  - Телефон нөмірі;
  - Жеңімпаздың нақты тұратын мекенжайы;
- Құжаттардың көшірмелері анық, әріптері және сандары оқылатын болуы тиіс.

10.2. Самокаттарды беру мерзімі: жеңімпаз 9.1 тармағында көрсетілген барлық қажетті ақпаратты берген сәттен бастап бір ай;

Жүлделерді (электрсамокаттар) жеткізу Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен Urban Media (Урбан Медиа) ЖШС күшімен жүзеге асырылады.

## **10. Акцияны өткізу туралы хабарлау тәртібі**

10.1. Акция туралы хабарлау mykotex.kz сайтында және Instagram-дағы @mykotex\_kz аккаунтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы жүргізіледі.

10.2. Ұйымдастырушы өткізілетін Акция туралы қосымша хабардар ету құралдарын пайдалануға құқылы.

## **11. Дербес деректер**

11.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы нақты және өзекті (шынайы) деректерді көрсетуге міндеттенеді, сондай-ақ өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете

отырып, Ұйымдастырушыға және Операторға өзінің дербес деректерін мынадай шарттармен өңдеуге келісім береді: дербес деректерді осы Акцияны өткізуге байланысты Ұйымдастырушы мен Оператор ғана пайдаланатын болады, және олар осы Акцияға байланысты емес мақсаттар үшін ешқандай үшінші тұлғаларға берілмейді.

11.2. Келісім дербес деректермен келесі әрекеттерді жасауға беріледі: Қазақстан Республикасының заңнамасында, атап айтқанда "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР Заңында, және осы Ережелерде көзделген жағдайларда және көлемде жинау, өңдеу, пайдалану, тарату.

11.3. Акцияға қатыса отырып, Қатысушылар Ұйымдастырушыға Акцияны өткізу мақсаттары үшін өз еркімен берген дербес деректерді Ұйымдастырушының/Тапсырыс берушінің, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғалардың деректерді өңдеу автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңдейтініне өз келісімін береді.

11.4. Қатысушының Келісімін кері қайтарып алу туралы мәлімдемені алған жағдайда Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші және(немесе) олар уәкілеттік берген тұлғалар осындай Қатысушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатады және қайтарып алу түскен күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дербес деректерді жояды. Бұл ретте Қатысушының Акцияға бұдан әрі қатысуына және оның Жүлделерді алуына жол берілмейді.

11.5. Дербес деректерді өңдеуге келісімді Акцияға Қатысушы осы акция Ережелерінің 3.4-тармағында көрсетілген Акцияны өткізудің жалпы мерзіміне ұсынады.

11.6. Акцияға Қатысушылардың дербес деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялылық шартымен сақталады және өңделеді.

11.7. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ете отырып, Ұйымдастырушыға және Тапсырыс берушіге Қазақстанның барлық аумағындағы кез келген маркетингтік белсенділіктерде шектелмеген тұлғалар тобы үшін ақпаратты пайдалануға келісім береді.

## **12. Өзге шарттар**

**12.1.** Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Акцияны өткізу және оған қатысу барлық ережелерімен танысқанын және өзінің келісімін растайды, оның ішінде оны Акция Жеңімпазы деп таныған жағдайда Жеңімпаз деп тану фактісі туралы ақпаратты, оның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын қаласын Ұйымдастырушы жариялайтынына өз келісімін растайды.

**12.2.** Ұйымдастырушы да, Тапсырыс беруші де:

- Қатысушылардың Акцияға қатысуға және Жүлделерді алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы) үшін;
- Қатысушыларды Акцияны өткізу ережелерімен және қатысу шарттарымен таныстырмауы, сондай-ақ оларды Акцияны өткізу нәтижелерімен таныстырмауы үшін;
- Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын Интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы техникалық мәселелер және/немесе алаяқтық нәтижесінде, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Қатысушылардан хаттарды, қоңырауларды, факсимильді және/немесе электрондық хабарламаларды алмауы үшін;
- Қатысушылардан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмауы (уақтылы алмауы) үшін;
- Қатысушылардан Акцияны өткізу және Жүлделерді табыстау мақсатында қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес байланыс және/немесе өзге де мәліметтерді алу үшін жауапкершілік көтермейді;

- 12.3. Ұйымдастырушы мен Тапсырыс беруші Акцияны өткізу шарттарын өздігінен өзгертуге құқылы. Мұндай өзгерістер Сайтта жариялануға жатады.
- 12.4. Акцияны Ұйымдастырушының Акцияны өткізуге байланысты барлық сұрақтар бойынша шешімдері түпкілікті болып есептелетін болады. Акцияны немесе оның кезеңдерін уақтылы өткізуіне күмән туғызуы мүмкін жағдайлар туындаған кезде, Ұйымдастырушы, оның қызметкерлері немесе Акцияны өткізу үшін тартылған үшінші тұлғалар, сондай-ақ Акцияға Қатысушылар Акцияны өткізу шарттарын бұзған кезде, Тапсырыс берушінің іскерлік беделіне, Kotex® сауда белгісінің және/немесе Kotex® сауда белгісі бар өнімнің имиджіне зиян келтіре алатын өзге де жағдайлар туындаған кезде, Ұйымдастырушы Тапсырыс берушіні бұл туралы бірден хабардар етуге міндеттенеді.
- 12.5. Қатысушы акцияға қатысатын Instagram-дағы аккаунттардың жеке өзі тіркегеніне, және ол пайдаланушы келісімін жасаған тиісті әлеуметтік желінің тіркелген пайдаланушысы болып табылатындығына кепілдік береді. Мұндай аккаунттың Қатысушыға тиесілігіне, оны пайдалану заңдылығына және т.б. қатысты үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір даулар туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы мұндай Қатысушыны Жүлдені ұтысқа салу ойынынан шығару, сондай-ақ егер мұндай Қатысушы жеңімпаз деп танылса, Жүлдені беруден алып тастау құқығын өзіне қалдырады. Қатысушы Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге Ережелердің осы тармағында көзделген міндеттемелер мен кепілдіктерді бұзу нәтижесінде туындаған барлық шығындарды, шығыстарды өтеуге міндетті.